



«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2020 жылғы «30» қарашадығы
№46/20 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«Самұрық-Қазына Инвест»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

1. СЕРІКТЕСТИҚТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер» туралы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің және Серіктестіктің осы Жарғысының негізінде және оларға сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

2. Серіктестік «Самұрық-Қазына Инвест» (Астана қаласының Әділет департаменті 2011 жылғы 16 мамырда берген №28052-1901-ЖШС Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы қуәлік) және «Қазақстан инвестицияларға жәрдемдесу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің (Алматы қаласының Әділет департаменті 2006 жылғы 11 желтоқсанда берген №74127-1910-ЖШС Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы қуәлік) құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Серіктестік әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттөн бастан заңды тұлға мәртебесіне ие.

4. Серіктестіктің дербес балансы, банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, фирмалық бланкілері және басқа да көрнекі сәйкестендіру қуралдары бар.

2. СЕРІКТЕСТИҚТІҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

5. Серіктестіктің фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде: «Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Самрук-Қазына Инвест»;

ағылшын тілінде: «Samruk-Kazyna Invest» Limited Liability Partnership.

6. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС;

орыс тілінде: ТОО «Самрук-Қазына Инвест»;

ағылшын тілінде: «Samruk-Kazyna Invest» LLP.

7. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Е10 к-сі, 17/10-үй, 16-қабат.

8. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

3. СЕРІКТЕСТИҚТІҢ ҚАТЫСУШЫСЫ

9. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» және «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамдарының құқықтық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) (Астана қаласының Әділет департаменті 2008 жылғы 3 қарашада берген №32244-1901-АҚ Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәлігі) Серіктестіктің қатысушысы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады. Жалғыз қатысушының орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Е10 көшесі, 17/10-үй, БСН 081140000436, банк

деректемелері: «Қазақстан Халық банкі» АҚ Ақмола филиалы, Нұр-Сұлтан қ., БСК HSBKKZKX, ЖСК (IBAN) KZ456010111000026976.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

10. Серіктестік қызметінің мақсаттары:

- 1) дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу;
- 2) саралғаманы жүзеге асыру, Қор тобының және өзге де занды тұлғалардың кейбір инвестициялық жобаларына қатысу және басқару арқылы инвестициялық қызметке қатысу;
- 3) Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялау үшін шетелдік капиталды тарту;
- 4) Серіктестік пен Қордың экономикалық өсуіне, Қазақстан Республикасының аумағындағы жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылатын кәсіпорындарға технологиялар мен білім трансфертіне ықпал ететін инвестиациялауды және (немесе) сатып алуды жүзеге асыру үшін перспективалы жобаларды, активтер мен компанияларды айқындау және бағалау;
- 5) жобаларды іске асыруға байланысты бірлескен қаржыландыру және өзге де көмек көрсету (ұзақ мерзімді келісімшарттарды ұйымдастыру, Республикалық даму бағдарламаларына қатысу және басқалар) арқылы жеке инвестиацияларды ынталандыру және Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік компаниялардың инвестиациялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;
- 6) жобаларға инвестиациялауды, оның ішінде инвестиациялаудың тиісті салаларын дамытудың қажетті мүмкіндіктері мен тәжірибесі бар сыртқы консультанттарды тарта отырып жүзеге асыру үшін идеялар, ұсыныстар әзірлеу және іздеу;
- 7) жобага қатысушылардың тәуекелдерін бөлу мақсатында жұмыс істеп тұрған инвестиациялық қорлармен коопeração және даму институттарының белсенділігін ынталандыру болып табылады.

11. Осы Жарғының 10-тармағында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Серіктестік мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) бас компаниялардың қызметі;
- 2) занды тұлғалардың капиталына және активтеріне, оның ішінде өз қаражаты және (немесе) Қор қаражаты есебінен инвестиациялау;
- 3) активтерді басқару жөніндегі қызметтерді және инвестиациялық-консультациялық қызметтерді көрсету;
- 4) жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру, оның ішінде қаржыландыру көздерін бағалау және синдикатталған жобалық қаржыландыру;
- 5) шикізатты терең өндеуді қамтамасыз етуге, озық технологиялар мен жабдықтарды пайдалануға, сондай-ақ өнім мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің сапасы мен көлемін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған жобалар бойынша жеке сектордың бастамаларын қолдау болып табылады.

12. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және Серіктестіктің осы Жарғысында көзделген қызметке байланысты өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтің жекелеген түрлерімен лицензия негізінде айналыса алады.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13. Серіктестік коммерциялық үйім болып табылады, оның азаматтық құқықтары болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаган қызметтің кез келген түрін жүзеге асыру үшін қажетті, оның қызметіне байланысты міндеттерді атқарады.
14. Серіктестіктің Жалғыз қатысушының мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
15. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.
16. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салымдар құнының шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
17. Серіктестіктің өз қызметінің мақсатына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.
18. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.
19. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері олар туралы ережелерге сәйкес жұмыс істейді және өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен Серіктестіктің осы Жарғысын басшылыққа алады.
20. Серіктестік өзінің қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жасайды.
21. Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетугі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.
22. Серіктестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы және басқа да міндеттері болуы мүмкін.

6. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

23. Жалғыз қатысушы:

- 1) Заңда және осы Серіктестік Жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге, оның ішінде құпия сипаттағы құжаттамасымен танысуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің осы Жарғысына және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;
- 4) Серіктестіктің өзге де органдарының Заңда және (немесе) осы Серіктестіктің Жарғысында көзделген оның құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен наразылық білдіруге;

5) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің күнын немесе Жалғыз қатысуышының шешімі бойынша мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өзінің бүкіл үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысады тоқтатуға күкілді.

24. Жалғыз қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Серіктестіктың осы Жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

25. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

1) Жарғының талаптарын сактауға;

2) Серіктестіктің жарғылық капиталына осы Серіктестіктің Жарғысында және Жалғыз қатысушының шешімдерінде көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдар салуға:

3) Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) Серіктестіктің атқарушы органына атауының, орналасқан жерінің, мекенжайының, банк деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

26. Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестікің осы Жарғысында көзделген басқа да міндеттерді атқара алды.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

27. Серікестіктің жарғылық капиталы 37 786 413 744 (отыз жеті миллиард жеті жүз сексен алты миллион төрт жүз он үш мың жеті жүз қырық төрт) теңгені және 54 (елу төрт) тиынды қурайды.

28. Жарғылық капиталдың мөлшері Жалғыз қатысушының шешімі бойынша өзгертуі мүмкін.

29. Серікtestіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға ол толық төленгеннен кейін жол беріледі және мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) Жалғыз катысушы жүргізетін қосымша салымдар;

2) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін үлгайту;

3) Серіктестік кұрамына жаңа қатысушылар қабылдау арқылы.

30. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту Жалғыз қатысушы салымының мөлшерін азайту жолымен Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

31. Серікtestіктің жарғылық капиталын ұлғайту немесе азайту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Жарғылық капиталды заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен азайтуға жол берілмейді.

32. Ақша, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар және өзге де мүлік Серіктестіктің жарғылық капиталына қосымша салымдар болуы мүмкін, бұл ретте салымды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес иғліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

33. Серікtestік өзін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырган органға Жалғыз қатысушы жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш ай ішінде жарғылық капиталдың ұлғайтылғаны туралы хабарлауға міндетті. Хабарлау

сәтінде жарғылық капитал ұлғайтылатын соманың кемінде жартысының сомасына салым енгізілуі тиіс.

34. Жалғыз қатысушы жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдаған сәтten бастап, Серіктестік бұл шешім туралы шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер бойынша кредиторларға хабарлауға міндетті. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайтуды заңнамада белгіленген тәртіппен Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырган орган тіркеуі тиіс.

8. СЕРІКТЕСТИКТІҢ МҰЛҚІ

35. Серіктестік мыналардың есебінен қалыптасатын мұліктің меншік иесі болып табылады:

- 1) Жалғыз қатысушының жарғылық капиталға салымдары;
- 2) Серіктестік қызметінен алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де кірістер, сондай-ақ Серіктестік басқа негіздер бойынша сатып алған мұлік.

36. Серіктестіктің мұлқі оның балансында есепке алынады.

37. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің осы Жарғысында белгіленген тәртіппен банктерде немесе басқа қаржылық үйымдарда теңгемен, сондай-ақ шетел валютасымен Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелде борыштық және өзге де қаржыландыруды тартуға құқылы.

9. СЕРІКТЕСТИК ОРГАНДАРЫ

38. Серіктестік органдары мыналар болып табылады:

- 1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;
- 2) қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
- 3) Серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы – Бас директор;
- 4) бақылаушы орган – Ревизор.

39. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы – Бас директорды тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

3) Серіктестікті немесе оның мұлқін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын айқындау;

4) Қадағалау кеңесінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қадағалау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

5) Серіктестік Ревизорын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестік Ревизорының есептері мен қорытындыларын бекіту;

6) Серіктестіктің қаржылық есептілігін бекіту және есептік тоқсан, жартыжылдық, жыл ішіндегі Серіктестіктің таза табысын бөлу;

7) Серіктестікті қайта үйымдастыру немесе тарату, тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту туралы шешім қабылдау;

8) Серіктестіктің Жарғысында Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

9) Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға, сондай-ақ тікелей инвестициялар қорларына қатысуы туралы шешім қабылдау;

10) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салу туралы;

11) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу;

12) Жалғыз қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

13) Серіктестіктің нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мулікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жынытығын жасаудың мақұлдау;

14) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

15) корпоративтік стандарттарды, әдістемелік ұсынымдарды және Қордың тобына таратылатын басқа да құжаттарды бекіту;

16) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

17) Заңға сәйкес Серіктестіктің қатысушысынан үлесті мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім қабылдау;

18) Серіктестіктің осы Жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

40. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің Жарғысында оның құзыреті қалай айқындалғанына қарамастаң, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауга қабылдауға, сондай-ақ Заңда өзінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған өкілеттіктерді Бас директорға немесе Қадағалау кеңесіне беруге құқылы.

41. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі Серіктестіктің қадағалаушы органы болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестіктің Жарғысымен және ішкі құжаттарымен Жалғыз қатысушы мен Бас директордың ерекше құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

42. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің мүшелеріне олардың өз өкілеттіктерін орындау кезеңінде Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты ай сайынғы сыйақы төленуі және шығыстар өтелуі мүмкін.

43. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестіктің Бас директорының қызметін бақылау;

2) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау және Серіктестіктің Даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

3) Серіктестіктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды алдын ала мақұлдау;

4) Серіктестіктің қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және Серіктестіктің есепті тоқсан, жарты жыл, жыл ішіндегі таза табысын бөлу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау;

5) Серіктестіктің жылдық есебін бекіту;

- 6) Серіктестіктің Бизнес-жоспарын бекіту, Серіктестіктің Бизнес-жоспарын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;
- 7) Серіктестіктің бюджетін және оның өзгерістерін бекіту;
- 8) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту, штаттық санын, жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидалары мен жүйелерін айқындау;
- 9) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 10) Бас директордың лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау, сондай-ақ басқа ұйымдарда жұмыс істеу немесе лауазымдар атқару мүмкіндігіне қатысты келісім беру;
- 11) бекітілуі Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне немесе Бас директордың құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;
- 12) тұрақты даму саласындағы құжаттарды, оның ішінде Серіктестіктің тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары мен есебін бекіту;
- 13) іссапарларға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің шығыстарын өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;
- 14) Жалғыз қатысушының шешімі бойынша өкілдік шығыстардың лимиттерін және өзге де лимиттерді айқындау;
- 15) қызметтік женіл автокөліктердің тиістілік нормативтерін және Серіктестік персоналын орналастыруға арналған аландар нормаларын айқындау;
- 16) Бас директор үшін қызметтің уәждемелі түйінді көрсеткіштерін бекіту;
- 17) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу және олар туралы ережелерді бекіту туралы шешім қабылдау;
- 18) басым инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту;
- 19) инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы шарттарды бекіту туралы шешім қабылдауды қоса алғанда, инвестициялық жобаны қаржыландыру және инвестициялық жобаны іске асырудың негізгі шарттарын бекіту туралы шешім қабылдау;
- 20) Серіктестіктің инвестициялық жобадан шығуы және одан шығу шарттары туралы шешім қабылдау;
- 21) инвестициялық жобалар бойынша шығындарды, оның ішінде консультациялық қызметтерге, сараптамалық қызметтерге, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге және көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлеріне арналған шығындарды алдын ала талдау сатысында қаржыландыру туралы мәселелерді шешу;
- 22) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Серіктестіктің қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;
- 23) акциялары (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) Серіктестікке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 24) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы мен сыйақы шарттарын айқындау, Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің хатшысы туралы ережені бекіту, Серіктестіктің Қадағалау кеңесі хатшысының

қызметін бағалау, Серіктестіктің Қадағалау кеңесі хатшысының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерін бекіту;

25) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің хатшысы үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

26) Серіктестік омбудсменін тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және ол туралы Ережені бекіту;

27) акцияларын (қатысу үлестерін) Серіктестік тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларда лауазымды адамдарды сайлауға қатысты саясатты әзірлеу;

28) Серіктестіктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайзызын құрайтын шамаға ұлғайту;

29) есеп саясатын бекіту;

30) тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

31) Серіктестіктің ішкі құжаттарында Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының не Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту;

32) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

33) Серіктестіктің іскерлік әдеп кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

34) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау;

35) Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

36) Серіктестікті корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, өз құзыреті шенберінде Серіктестіктің тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту;

37) өз құзыреті шенберінде корпоративтік жанжалдар мен мұдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеуге қатысу;

38) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Серіктестіктің Жарғысында көзделген, Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы бекіткен ішкі нормативтік құжаттармен Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

44. Қадағалау кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, сондай-ақ Жалғыз қатысушы бекітетін Қадағалау кеңесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

45. Жеке тұлға гана Қадағалау кеңесінің мүшесі бола алады.

46. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі кемінде үш адамнан тұрады.

47. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің мүшелері 3 (үш) жыл мерзімге сайланады. Кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында 3 (үш) жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, үш жылдық екі мерзім) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.

48. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір мезгілде Бас директор лауазымын атқара алмайды.

49. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасын Жалғыз қатысушы сайлады.

50. Төраға Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің жұмысын үйимдастырады және Қадағалау кеңесінің отырыстарына төрағалық етеді, отырыста Қазақстан

Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

51. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қадағалау кеңесі мүшелерінің шешімі бойынша Қадағалау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

52. Қадағалау кеңесінің мүшелеріне отырыстың өтетін күні, уақыты, орны және күн тәртібі көрсетіле отырып, Қадағалау кеңесінің алдағы отырысы туралы жазбаша хабарлама жіберіледі.

53. Қадағалау кеңесінің отырысына қатысты материалдары бар хабарламалар күні бұрын – кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша – отырыс күніне дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Маңызды мәселелер тізбесі Серіктестіктің Даму стратегиясын, Бизнес-жоспарын, Серіктестіктің Бас директоры үшін қызметтің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекітуді, жылдық есепті және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысады қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

54. Қадағалау кеңесінің отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда, Қадағалау кеңесінің мүшесі бұл туралы Қадағалау кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге міндетті.

55. Қадағалау кеңесінің отырысын Қадағалау кеңесінің төрағасы өз бастамасы бойынша, Жалғыз қатысушының, Ревизордың, Бас директордың талап етуі бойынша шақырады.

56. Егер Қадағалау кеңесі мүшелерінің көпшілігі қатысса, Қадағалау кеңесінің отырысы заңды болады.

57. Қадағалау кеңесінің отырысында шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Төрағаның немесе Қадағалау кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

58. Қадағалау кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде әрбір мүше бір дауысқа ие болады.

59. Қадағалау кеңесінің бір мүшесінің Қадағалау кеңесінің екінші мүшесіне не үшінші тұлғаларға өз дауысын беруіне тыбым салынады.

60. Бас директор Қадағалау кеңесінің отырыстарына кеңесші дауыспен қатысуга және Қадағалау кеңесі отырыстарының хаттамаларына бұрыштама қоюға құқылы.

61. Қадағалау кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі. Отырыстың хаттамасы ол өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді және оған Төраға мен хатшы қол қояды. Отырыс хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Серіктестіктің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу орны мен уақыты;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер.

62. Бас директор Серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы болып табылады, оны Жалғыз қатысушы 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, оған есеп береді және оның шешімдері мен Қадағалау кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Бас директормен еңбек шартына Жалғыз қатысушының уәкілетті өкілі не Жалғыз қатысушының тапсырмасы бойынша Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы қол қояды.

63. Бас директор осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне және Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатпайтын барлық мәселелерді шешуге үәкіледті.

64. Серіктестіктің Бас директоры:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің осы Жарғысына сәйкес Серіктестіктің шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық етеді, Серіктестіктің қызметі, ол қабылдайтын шешімдердің салдарлары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік мүлкінің сакталуы мен тиімді пайдалануы үшін толық жауапты болады;

2) Серіктестік қызметінде заңдылықтың сакталуын, шарттық және қаржылық тәртіптің нығайтылуын, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуді қамтамасыз етеді;

3) Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің бизнес-жоспарын, Серіктестіктің бюджетін макулдайды және Қадағалау кеңесінің қарауына ұсынады;

4) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін әзірлеуді және орындауды ұйымдастырады, Ревизордың қорытындыларын және Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның ұсынымдарын ескере отырып, Серіктестік органдары шешімдерінің орындалуы туралы есептерді Серіктестік органдарына ұсынады;

5) Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің сұрауы бойынша осы органдар айқындастырын мерзімде Серіктестіктің өндірістік және қаржылық қызметі туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде бухгалтерлік және қаржылық есептілікі және өзге де құжаттаманы ұсынады;

6) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз шарттар (келісімшарттар) жасайды;

7) Серіктестіктің банк шоттарын ашады және төлем құжаттарына қол қояды;

8) Серіктестік жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

9) Қадағалау кеңесі бекіткен штат кестесін бекітеді және еңбекке ақы төлеу қағидалары мен жүйелерін, сондай-ақ штат санын ескере отырып, лауазымдық жалақы мөлшерін белгілейді;

10) Қадағалау кеңесі бекіткен еңбекке ақы төлеу қағидалары мен жүйелеріне сәйкес жұмыскерлерге сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

11) Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

12) жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын және Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері (департаменттер, қызметтер, т. б.) туралы ережелерді, оның ішінде Серіктестікте құрылатын комитеттер мен комиссиялар туралы ережелерді бекітеді;

13) нұсқаулықтарды, қағидаларды, ережелерді, өкімдерді қоса алғанда, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Қадағалау кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

14) Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді;

15) қауіпсіздік техникасы және қоршаган ортаны коргау талаптарының сакталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

16) Серіктестік оларды әзірлеген жағдайда Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының, Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды алдын ала макулдайды;

17) Серіктестіктің осы Жарғысымен Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

65. Серіктестіктің Бас директоры:

1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

2) жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда Серіктестік мүдделерін білдіруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің осы Жарғысында, Серіктестіктің ішкі құжаттарында және Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерінде айқындалған талаптарды сақтай отырып, Серіктестіктің мулкі мен қаражатына билік етуге құқылы.

66. Серіктестіктің Бас директорының:

1) Жалғыз қатысушының көлісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз алу, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т.б. қоса алғанда) жасаудына;

2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуудына;

3) үшінші тұлғалардың Серіктестікпен қарым-қатынастарында олардың атынан немесе мүдделері үшін әрекет жасаудына;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудына тыйым салынады.

67. Бас директор Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің талап етуі бойынша оларға мынадай есептерді ұсынады:

1) Жалғыз қатысушы белгілеген тәртіппен, нысанда және мерзімде Серіктестіктің қызметі туралы есеп;

2) Жалғыз қатысушы белгілеген нысандар бойынша және мерзімде Серіктестіктің ұзақ мерзімді стратегиясын, Бизнес-жоспарын және бюджетін іске асыру туралы есептер;

3) Жалғыз қатысушы белгілеген тәртіппен, нысанда және мерзімде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілік.

68. Серіктестіктің Бас директорының қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушы 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге Ревизор сайлайды. Тек Жалғыз қатысушының өкілі Ревизор бола алады.

69. Серіктестіктің Бас директоры Ревизор болып сайланады.

70. Ревизор кез келген уақытта Серіктестіктің Бас директорының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізуға құқылы. Ревизордың талап етуі бойынша Бас директор ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

71. Ревизор Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне тексеру жүргізеді. Жалғыз қатысушының Ревизордың қорытындысының немесе аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінсіз жылдық қаржылық есептілікті бекітуге құқығы жоқ.

72. Ревизор өз қызметін Жалғыз қатысушы бекітетін Ревизор туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

73. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестік мүліктік мүдделермен байланысы жоқ және Серіктестікпен, Қадағалау кеңесімен, Бас

директормен немесе Жалғыз қатысушымен үлестес емес аудиторлық ұйымды (сыртқы аудит) тартуға құқылы.

Жалғыз қатысушы өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

74. Егер Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібінің сақталуына және дұрыстығына жауапты болады.

10. СЕРІКТЕСТИКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

75. Серіктестіктің бір тоқсандагы, жарты жылдағы немесе бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Жалғыз қатысушының бір тоқсандагы, жарты жылдағы немесе бір жылдағы Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекіту туралы шешіміне сәйкес жүргізуі мүмкін.

Жалғыз қатысушы таза табысты немесе оның бір белігін Жалғыз қатысушыға бөлуден алғып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

76. Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің осы Жарғысына сәйкес таза табыстың бір белігін алуға құқылы. Төлемді Серіктестік Жалғыз қатысушы бекіткен мерзімде, бірақ таза табыстың бір белігін төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде ақшамен жүргізуі тиіс.

77. Жалғыз қатысушының Серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толық төленгенге дейін кіріс алуға құқығы жоқ.

11. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТИКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

78. Жалғыз қатысушының мұдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

79. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру, беру тәртібі және ақпарат көлемі үлестерді сатып алу туралы алдын ала шарт шенберінде тарағардың келісімі бойынша белгіленеді.

80. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты корпоративтік веб-сайтта жариялайды.

81. Серіктестіктің Бас директоры сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы Серіктестіктің Жалғыз қатысушысын хабардар етуге міндетті.

82. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімінде көзделген тәртіппен (егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе), Серіктестік соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі тиіс.

12. СЕРІКТЕСТИКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТАРЫРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

83. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру), тарату, сондай-ақ Серіктестіктің қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

84. Серіктестіктің осы Жарғысында реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

85. Осы Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Н. Абдыомунов